

Зайсан қаласының Арғынбек, Байзақов, Байтұрсынов, Ғабит, Жақсылықов, Молдағұлова, Марғұлан, Ноғайбай, Толепбергенов, Ш.Айманова көшелерінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қаласы әкімінің 2022 жылғы 4 қарашадағы № 6 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 қарашада № 30452 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қаласы әкімінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қаласы әкімінің 25.01.2023 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор міндетін атқарушысының 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 449 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Мүйізді ұсақ малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты Зайсан қаласының Арғынбек, Байзақов, Байтұрсынов, Ғабит, Жақсылықов, Молдағұлова, Марғұлан, Ноғайбай, Толепбергенов, Ш.Айманова көшелерінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Зайсан қаласының әкімі

А. Дутбаев